www.kostanaytany.kz e-mail: kostanaytany@mail.ru

# Qostanai taný

Облыстық «Қостанай таңы» газеті 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

12 желтоқсан 2018 ж. сәрсенбі №145 (18793)

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

# Жәрмеңке – жастарға жәрдем

**Әсел ҚИБАШ**

Ынталы жастарға бизнес әлеміне ену мүмкіндіктерін ұсыну және шағын кәсіпкерлікті насихаттау мақсатында облыс көлемінде "Сенің ісің" жәрмеңкесі өтті. Оған шағын және орта бизнес субъектілерінен, бастамашыл топтардан, сарапшылардан құралған, ұзын саны 200-ге жуық адам қатысты.

Бизнес жәрмеңкесі өз ісін жаңа бастағандар, соның ішінде жастар үшін тәжірибе алмасу алаңына айналды. Іс-шараға "Жас атамекен" жас кәсіпкерлер клубы, "Best.kz" экскурсиялар бюросының туристік агенттігі, "Sushi Hiro" сауда желісі қолдау көрсетті.

Осымен екінші мәрте ұйымдастырылған шарада қатысушылардың кәсіби біліктілігі, бизнес-идеяның бәсекелестікке қабілеттілігі, жүзеге асыру мүмкіндігі және аймаққа әкелер пайдасы назарға алынды.

Бизнес-жәрмеңкенің екінші кезеңі "Business Talks" пікірталас алаңында жалғасын тапты. Жас кәсіпкерлер өз кәсібін ұлғайтудың жолы туралы спикерлерге сұрақтарын қойды.

– Кәсіпкерліктің кенже қалуының бір себебі – жергілікті кәсіпкерлердің өз саласын жеткілікті білмеуі. Қаражат көзін тауып, бизнесін бастауға батылы жетсе де, өз ісінің майталманы болмайынша, жетістікке жету мүмкін емес. Ал мұндай шаралар көкірегі ояу, көзі ашық жастарды кәсіп ашуға қандай қадамдар жасау керектігін үйретіп, өз ойын еркін жеткізуге дағдыландырады. Қазірден бастап болашақ кәсіпкерлерге дұрыс бағыт сілтесек, одан тек ұтарымыз хақ. Тәжірибелі болмасаң да, қызметінді бүге-шігесіне дейін білу керек. Бұл жәрмеңкенің басты мақсаты да осындай қарапайым кеңестермен өскелең буынға көмектесіп, жастар арасындағы жұмыссыздықты жоюға аз да болса үлес қосу, – деді "Жас Атамекен" жас кәсіпкерлер клубының президенті Зарина Көкжанова.

**Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**

Баспасөз – 2019

## "Қостанай таңы" – сенің газетің!

### 2019 жылға жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

**"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:**

**– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:**

1 жылға – 6800 теңге

6 айға – 3400 теңге.

**– жеке оқырмандарға:**

1 жылға – 5000 теңге

6 айға – 2500 теңге.

**– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:**

1 жылға – 4800 теңге

6 айға – 2400 теңге.

**"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.**

# Мәдениет үйі ашылды

Елбасы "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласында қазақ елін көркейтіп, ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа дәріптеуді көздейтін "Туған жер" бағдарламасын ұсынған болатын. Науырзым ауданында аталған бағдарламаны сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асыру мақсатымен көптеген жобалар, іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. Жақында, тәуелсіздік күні мерекесіне тарту ретінде көптеген өнерпаздарды өнерге баулып келе жатқан, заман талабына сай жаңарған өнер ордасы – Шолақсай селолық мәдениет үйі өз есігін айқара ашты. Жиырма жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген мәдениет үйі биылғы жылы мемлекет бюджетінен және сырттан тартылған қаражат есебінен адам танымастай күйге еніп, жаңартылды.

Ауыл халқының қуанышында шек жоқ. Мәдениет үйінің ішінде жаңа орындықтар орнатылған үлкен зал, кең фойе, әртүрлі үйірмелердің бөлмелері, 17 мың дана кітап қорымен кітапхана, би залдары бар. Мұнда қазір шаруашылық жұмыскерлерімен бірге 9 адам жұмыс жасайды.

Ауданымыздың көркейіп, гүлденуіне елеулі еңбек сіңіріп жүрген аудан әкімі Талғат Тойшыбекұлы Карбозов пен Науырзым ауданының байырғы тұрғыны, Қостанай облысының құрметті азаматы, "Шолақсай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Өмірзақ Бекділдаұлы Ихтиляпов селолық мәдениет үйінің ғимаратын салтанатты түрде ашып, жиналған қауымға құттықтау сөздерін жолдады. Сонымен қатар, келесі жылы Өмірзақ ағамыздың қолдауымен спорт залы жөнделіп, қолданысқа енгізілетінін атап өтті және жаңа әдемі өнер ордасының сахнасында әрқашан ән шырқалып, әсерлі билер орындалып Шолақсай жерінің таланттары ашыла берсін деген ақ тілектерін білдірді.

**Гүлнәр АҚСАУЫТОВА.**
Науырзым ауданы.

# 25 киелі нысан анықталды

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Нұрқанат ҚҰЛАБАЕВ**

2018 жылы өңірде 331 шақырым жол жаңартылған. Бұл жұмыстарға жұмсалған қаржының жалпы көлемі – 37,6 млрд теңге. Оның ішінде 13,4 млрд теңге республикалық маңызы бар жолдарды жаңартуға кетсе, 10,9 млрд теңге облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды жөндеуге жұмсалған. Ал қалған 13,3 млрд теңгеге елді мекендердегі көшелер орташа және күрделі жөндеуден өткізілген. Бүгінде облыстық және аудандық маңызы бар автокөлік жолдарының 66%-і талапқа сай келеді. 2019 жылы өңірде жалпы ұзындығы 392 шақырым жолға жөндеу жүргізілмек. Оған облыс және республика бюджетінен 30 млрд теңге қарастырылған. Бұл туралы облыс әкімдігінің кеңейтілген отырысында есеп берген Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Бақытбек Есенғұлов баяндады. Жиында, сондай-ақ "Рухани жаңғыру" бағдарламасының облыста жүзеге асырылу барысы пысықталып, сала басшылары аталған бағытта жыл бойы атқарған жұмыстары туралы қорытынды есеп берді.

Мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақовтың айтуынша, биыл "Рухани қазына" кіші бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау, заманауи қазақстандық мәдениетті дамыту және насихаттау мақсатында Қостанай облысының мәдениет мекемелері 2018 жылы жалпы сомасы 178 млн теңгеге 53 кіші жоба мен іс-шараны жүзеге асырған. Өңірлерде "Рухани жаңғыру" бағдарламасы шеңберінде ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылған. Мәселен, Қостанай ауданында "Қымызмұрындық" фестивалі, Сарыкөл ауданында қазақ ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің "Ұлы дала" Open Air фестивалі, Аманкелді ауданында республикалық "Арайлы ақ таңым – Аманкелдім" айтысы, Жанкелдин ауданында "Торғай әуендері", "Бабалар сазы" әндерінің республикалық байқаулары, Лисаков қаласында "Астана – алтын ордам! Лисаков – әсем қалам!" республикалық ақындар айтысы, Қамысты ауданында "Әнім саған, туған жер!" фольклорлық әндер фестивалі өткен.

"Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" арнайы жобасы аясында тарихи-мәдени нысандарды, жалпыға зиярат ету орындарын, киелі нысандарды зерттеу мен насихаттау бойынша жұмыс жалғасуда. Мұның сыртында, жаңадан 25 киелі нысан анықталып, зерттеу жұмыстары қолға алынған. Бүгінде өңірдегі киелі нысандардың инфрақұрылымын жасау бойынша 2018-2020 жылдарға арналған жол картасы әзірленіп жатыр.

Өңірде "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясындағы "Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру" жобасын іске асыру жұмыстары жүйелі жүзеге асуда. Бұл бағытта биыл тілдерді дамыту басқармасы түрлі форматтағы 2421 шара өткізген. Аталған басқарманың ұйымдастырумен 14 қараша күні өткен "Жалпыхалықтық диктант" республикалық акциясына 87994 адам қатысқан. Латын әліпбиін енгізу уақыт талабынан туындаған қажеттілік екенін көпшілікке түсіндіру, насихаттау барысын баяндаған басқарма басшысы Г.Меңдекинова қараша айынан бастап "Қостанай таңы" газетінің атауы латын графикасында жазыла бастағанын тілге тиек ете келіп, жергілікті баспасөзде мақалаларды жаңа әліпбиде жариялауды біртіндеп енгізуді ұсынды.

Жиында облыстағы жобалық кеңселер атқарған жұмыстар туралы да сөз болды. "Рухани жаңғыру" өңірлік жобалық кеңсесінің басшысы Н.Әбдібековтың айтуынша, келесі жылдан бастап бағдарламаны жүзеге асыру бойынша қолданыстағы 6 жобаға тағы да 7 жаңа жоба қосылады.

# Жылдың үздік ұйымы

**Қуаныш ЕСҚАБЫЛ**

"ССКӨБ" АҚ еліміздің Қоғамдық даму министрлігі бекіткен "Жомарт жүрек" республикалық жобасының "Жылдың үздік ұйымы" аталымында жеңімпаз атанды. Марапат әлеуметтік маңызды жобаларды тиімді жүзеге асырып, қайырымдылық қызметтің жаңа формаларын енгізгені үшін берілген.

Кен алыбының биыл қолға алған әлеуметтік акцияларының арасында ең ірі үшеуін атап айтуға болады. Біріншісі – Рудный қаласы мен Қашар кентін орталықтандырылған жылумен қамту. Бұл жобаға бірлестік 800 млн теңге жұмсады. Нәтижесінде өткен жылғы жылу маусымында температуралық режим қатаң сақталып, жабдықтардың жұмысында ақау, жоспардан тыс тоқтап қалулар болған жоқ.

Маңыздылығы жөнінен екіншісі – скейт-аттракциондар. Ауданы 800 шаршы метр және құны 30 млн теңгелік жаңа құрылысқа памп-трек пен скейт саябағы кіреді. Енді рудныйлық BMX райдерлерінің, скейтерлер мен роликте сырғанаудың фанаттары үшін уақытын тиімді өткізетін жер бар.

Кеншілер іске асырған тағы бір жоба – Рудныйлық №2 гимназия мен №1 Қашар орта мектебіндегі STEM-зертханалар. ERG мен Қостанай облысы әкімдігі арасындағы өзара ынтымақтастық туралы Меморандумның аясында техникалық жаңашылдықты сатып алуға 7,5 миллион теңге жұмсалды. Жабдықтардың тізімінде роботтардың бірнеше жинағы, ЛЕГО конструкторлары, 3D-принтер, құралдар мен 10 ноутбук бар.

– Рудныйды тұрғындар үшін тартымды және заманауи қала ету бізге маңызды. Біз кіші осы мекендегі барлық бастамаларды қолдап, алдағы уақытта да Еуразиялық Топтың "Туған жер – Родный города" жобасының аясында аймақтың әлеуметтік саласының дамуына барынша көмектесе беретін боламыз. Жақын күндері жаңа кинотеатрдың құрылысы аяқталды. Екі залдың әрқайсысына 107 адам сыйып, 2D және 3D форматтарында фильм тамашалауға мүмкіндік бар. Бұл ССКӨБ-тің Рудныйдың дамуына қосып келе жатқан сүбелі үлесінің тек бір парасы, – дейді ССКӨБ президенті Береке Мұхаметқалиев.

"Жомарт жүрек" мемлекеттік сыйлығын тағайындау жөніндегі сарапшылар комиссиясына Қостанай облысы меценаттарынан 55 өтініш келіп түскен. Нәтижесінде, аймақтың дамуына үлес қосып келе жатқан 5 үздік лауреат таңдап алынды.

# Аудан жастарының форумы

Мемлекет басшысы биылғы кезекті Жолдауында 2019 жыл "Жастар жылы" деп жариялады. Жастар қозғаушы күш. Оларға сенім арта отырып, егемен елдің келешегін кемелдендіріп, болашағын жарқын етуге мүмкіндік мол. Жастарға артқан сенім бірлік пен елдіктің бастауы. Биылғы ауданымыздың 90 жылдық торқалы тойында аудан жастары өз еріктерімен бірқатар әлеуметтік нысандарды жаңартып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Туған жерге деген патриоттық сезімдері оянып, елдің алғысын арқалады. "Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты. Мен жастарға сенемін" деп Маған Жұмабаев жырлаған жалынды жастар біздің елде де бар. "Дипломмен ауылға!" бағдарламасы бойынша келген жас мамандар аудан әкімдігінің тарапынан қолдауға ие. Құрметке лайықты етіп бағалау тұрғысынан да зор ілтипаттан кенде емес. Осының бір айғағы ретінде аудандық мәдениет үйінде аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс шеңберінде "Үздік ерікті – 2018" аудан жастарының форумы өтті.

Аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Торбаев аудан жастарын форумның ашылу салтанатымен құттықтап, ізгі тілегін арнады. Ауданымыздың торқалы тойының өтуіне өзіндік үлестерін қосқан жастардың есімін тілге тиек етті. Аудан әкімдігі мен аудан халқының атынан ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ, аудан әкімінің алғыс хатымен белсенді жастарды марапаттады. Олардың ішінде біздің әріптесіміз Аягөз Мұстафа да бар. Аудан жастарының атынан сөз алған Сарқын Әбенова ерікті жастардың ертеңі нұрлы болатынына сенім білдірді. Жалынды жастарға ұран тастап, ауданымызды көркейту үшін талмай, тынбай еңбек етуге шақырды.

**Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.**
Жанкелдин ауданы.

# Ұжым ұраны – салауатты өмір салты

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің денсаулық сақтау жүйесі алдына нақты міндеттер қойды. Қазіргі заманғы денсаулық сақтау саласы қымбат стационарлық емге емес, аурулардың алдын алуға бағытталуы тиіс екенін айтты. Қоғамдық денсаулық саласын басқаруды күшейтуді, салауатты өмір салтын насихаттауды, жастардың репродуктивті денсаулығын сақтауды және нығайтуды тапсырды. Осы Жолдаудың аясында Тәуелсіздік күні қарсаңында Қостанай қаласындағы № 10 орта мектеп ұжымы "Салауатты өмір салты" атты спорттық жарыс өткізді.

Іс-шараны ұйымдастырушылар – мектептегі кәсіподақ ұйымы мен денешынықтыру пәнінің мұғалімдері. Бұл шара қиындығы мен қызығы мол жұмысында мұғалімнің шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында өткізілді. Шара барысында мұғалімдер волейболдан сынға түсіп, эстафеталық сайысқа қатысты. Жеңімпаздар мектеп басшысының "Ауыспалы кубогіне" ие болды. Елбасы " Рухани жаңғыру" бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану туралы мәселені басты бағыт ретінде ұстану керектігін атап көрсеткен еді. Ұлт саулығының мемлекеттің басты құндылығы екені – үнемі айтылып келе жатқан жайт.

**Н.НҰРҒАЛИЕВА,**
**Қостанай қаласы №10 орта мектебі.**

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

# Қызмет көрсету сапасы қандай?

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қостанай облысы бойынша Департаментінің басшысы Салауат Мүксімов журналистермен кездесіп, өңірдегі мемлекеттік қызметті көрсету сапасы жайында баяндады.**

Жиынға "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы Қостанай облысы бойынша филиалының директоры Қанат Төлепұлы да қатысты. Алдымен, агенттік басшысы Салауат Сыйлыбайұлы баяндама оқыды. Оның сөзіне сүйенсек, Қостанай облысы қызмет көрсету сапасы бойынша республикада үздік үштікке енген.

– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің басты міндеттерінің бірі – тұтынушының пікірін ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру. Осыған байланысты аталмыш агенттік мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау үшін "SANGE" қоғамдық мониторинг зерттеу орталығымен бірігіп, ағымдағы жылы тамыз айынан қазан айына дейін халық арасында зерттеу жүргізді. Зерттеу аясында еліміздің барлық өңірлеріндегі 60 мемлекеттік қызмет бойынша 10 мың қызмет алушы арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама жүргізу үшін ағымдағы жылдың қаңтар-маусым, тамыз айларында қызмет алушылардың тізімі пайдаланылды, – дейді ол.

Жалпы, "Жасырын сатып алушы" әдісімен 25 зерттеу жүргізілді және қызмет алушылардың қатысуымен 60 топтық пікірталас өтті. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, республика бойынша мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттанушылық 72,4%-ды немесе бес балдық шкала бойынша 4,6 баллды құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 6,7%-ға артық.

Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың рейтингі шығарылды. Орталық мемлекеттік органдардың арасында Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі көш бастап тұр. Ал жергілікті атқарушы органдар арасында Шығыс Қазақстан мен Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары үздік шыққан.

Өткен жылмен салыстырғанда Қостанай облысы тұрғындарының алған мемлекеттік қызметтерге қанағаттану деңгейі өскен. Егер 2017 жылы оның деңгейі

4,76 баллға жетсе, бұл рейтингте үш позицияға өскен. Облыс тұрғындары қызметтің ерекшелігіне байланысты мемлекеттік корпорация, "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы, сондай-ақ E-gov аймағында халыққа қызмет көрсету орталықтарында қызмет ала алады.

Мемқызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінінде әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оған 30 мемлекеттік қызмет іріктелді. Барлығы 2480 респондент қатысты. Нәтижесінде, Қостанай, Арқалық және Лисаков қалаларының көрсеткіштері жоғары болды.

Салауат Мүксімов айтқандай, респонденттер мекемелердің жұмыс кестесіне наразы емес. Өйткені, департаменттің ұсынысы негізінде жергілікті атқарушы органдардың жұмыс кестесі мемлекеттік қызметтер стандарттарының талаптарына сәйкес келтірілген.

– Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, тұрғындардың 10,2%-ы мемлекеттік қызметкерлердің тілді меңгеру деңгейіне риза емес. Департамент олардың талаптарын оңтайландыру тұрғысынан тұрақты түрде талдау жүргізіп келеді. Мысал келтірейін. Қазіргі уақытта неке қию өтініш берілген күннен бастап, бір ай мерзім өткеннен кейін жүргізіледі. Тіркеуші орган құжатпен расталған, дәлелді себептер болған жағдайда осы мерзімді қысқартады немесе ұлғайтады. Мәселен, осы жылы Қостанай қаласы әкімдігінің қызметкерлері некені тіркеу мерзімін қысқартудан заңсыз бас тартып, азамат О.Р.Гейнердің құқығын бұзған. Осындай жағдайларды болдырмау мақсатында "Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасына сәйкес, неке қиюды тіркеу мерзімі 3 жұмыс күніне дейін қысқартылды, – дейді Салауат Мүксімов.

**Суреттерді түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.**

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

# Бір сәттік жүздесу

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Бұл 1994 жылғы қыркүйек айының басы болатын. Қостанайға облыс әкімінің шақыруымен Мәскеуден бір ұшақ толған жазушылар сау ете қалды. Жазушы болғанда қандай, дүние жүзін аузына қаратқан, қазақтар "Адамзаттың Айтматовы" деп әспеттеген Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматовтың өзі , қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісов, ел көлеміне атағы шыққан Герольд Бельгер, Морис Симашко, Смағұл Елубаев, Есенғали Раушанов, мәскеулік қаламгерлерден "Дружба народов" журналының Бас редакторы Вячеслав Пьецух және басқалар бар еді. Бұл Халықаралық ПЕН-клубтың қазақстандық бөлімшесі жаңа ғана ашылып, оның жетекшісі болып сайланған Әбдіжәміл ағамыздың тұңғыш іс-сапарларының бірі болса керек. Қонақтардың басқасында әкімнің тапсыруымен жергілікті жазушы Ғұмар Ахметчин жөн-жолын көрсетіп жүрді.

ПЕН-клуб мүшелері Қостанай өңірінде үш күн болды. Олар жергілікті зиялы қауым өкілдері, кеншілер және шаруалармен жүздесті.

Ол кез мен облыстық телерадиокомпанияда директордың орынбасары әрі республикалық "Қазақстан" және "Хабар" телеарналарының да облыстағы меншікті тілшісі қызметтерін қоса атқарып жүрген тұс.

Мені бәрінен де бұрын тәнті еткені – Айтматовтың кісілігі мен кішілігі. Байқағаным, үлкен-кіші демей, бәрімен бірдей үйіріле, иіле назар салатыны. Кере қарыс маңдайы, кері қайырылған толқынданған ақбуырыл шашы, ашық тұнық қойкөздерінен сабыр, парасат мысы басып тұрды. Ақырын ғана баппен сөйлейді екен.

"Медеу" қонақүйінің қонақжай шаңырағында өткен зиялы қауым өкілдерімен кездесуге халық лық толды. Байқаймын, бәрінің де ынта-ықыласы Айтматовқа ауған. Ұлы суреткер не дер екен деп аузын баққан жұрт.

– Шығармашылық кәсіп иелері өкілдерінің интеллектуалдық ынтымағын кеңейту, жаһанның түкпір-түкпіріндегі қуғын-сүргінге түскен, темір торда жатқан "сөз адамдарын" қолдау, қорғау – ПЕН-клубтың негізгі міндеті, – деді Шыңғыс Төреқұлұлы өз кезегінде сөз алып, – ПЕН-клуб кейбір жарияланымдардағы саяси және қара бастың қамы үшін жала жабу, фактілердің өңін айналдыру секілді келеңсіз құбылыстарға қарсы күреседі. Жазушының қаламы да, өзі де қайраткер болуы керек, – деп бір қайырды. Не керек кездесуге қатысушылардың әр тарапты сауалдарына Айтматов та, Нұрпейісов те, өзге қонақтар да кезегіне қарай жауап беріп жатты.

Үзілісте ақын-жазушылардың ішінен Шыңғыс ағамызбен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Бүгінде қаламгерлер бір-бірімен бұрынғы байланысын үзіп алды. Әбдіжәміл Нұрпейісов осы олқылықты түзету мақсатында жақсы бастама көрсетіп, ПЕН-клубты ұйымдастырды.

– Шыңғыс аға, бір сұхбатыңызда "қайткенде адам қалады адам болып" деп бір фәлсафалық сауалға жауап іздеп едіңіз. Осыған қазір қалай жауап берер едіңіз?

Кемеңгер қаламгер сәл ойланып барып, өзінің биязы даусымен сөйлей жөнелді:

– Бұл жаһандағы әр көкірегі ояу адамның көкейіндегі сауал болса керек-ті. Адам баласы өз жанына тереңдеген сайын бұл сауалдың ауыртпалығын сезе бастайды. Жұмыр жерге тыным бермей, өз-өзін жұлып жеп бара жатқан да адам, айға қол созып, ғарыштан құдайды іздеп, көріне қалса жағасынан ала түсуден тайынбайтын да адам – пенде. Өз ақыл-ойынан өзі именген, өз қаракеті-әрекетіне жауапты, ар-ұятына құл бола алса ғана адам, адам.

Жазушы енді ғана өз ойын тарқата бастағанда шақыртушы келіп, бәрі Шықаңды күтіп отырғанын айтып әңгіме үзіліп кетті. Әйтсе де Айтматов өзіне тән сабырлылықпен:

– Қаламгер өмірді терең білуі жөн. Ел-жұрттың жанына үңіле түскен сайын қазынаға жолығасың. Бармасаң-келмесең, жүріп-тұрмасаң тоқырайсың. Біздің бұл сапарымыздың бір мәнісі осында. Түрлі ұлт, түрлі мәдениет бәрі де адамзаттың қазынасы, – деп заңғар жазушы бір кідіріп алды да, қазір кеңес империясы қирап, әр республика дағдарыс кезеңін бастан кешуде, мұндайда бәрібір халықтың бірлігі керек. Бір-біріне көз алартудан береке тапқан болған емес. Бірліксіз тірлік болмайды дегенді байыппен саумалай жеткізді. Ол кезде Шыңғыс Айтматов Ресейдің Люксембургтегі елшісі екен. Соған қармастан өзінің Қырғызстанынан бастап, бауырлас республикалардағы алмағайып жағдайға алаңдаулы екенін жеткізді.

Осы бір сәттік жүздесуден соң, үйдегі жеке кітапханамнан ала келген Шықаңның қазақша шыққан "Боранды бекет" кітабын ав-торға ұсынып, қолтаңбасын қойдырып алдым.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

# Байланыс аясында болыңыз!

Жандос ЖҮСІПБЕК

**Ұялы телефон адам баласының "он үшінші" мүшесіне айналғалы қашан. Жасыратыны жоқ, қазір онсыз тіршілік тоқтап, тұрмыс тоқырап қалатындай. Онсыз әлденені, әлдекімді іздеу, табу, табысу мүмкін емес-тей көреміз. Бір сөзбен, қалтаңыздағы "жалғыз көзді" ғажабыңыз кәдімгі бір өмір сүрудің салтына айналып алды. Күннен-күнге оны тұтынудың өз заңдылықтары, ережелері бекіп орнап, мән-маңызы уақыт санап арта бастады. Сонымен, "қалтафонның" мүмкіндіктері жайлы не білуіміз керек? Сымсыз байланыс туралы соңғы жаңалықтар не дейді? Алда-жалда байланыс аясынан тыс қалып қоймау үшін қандай ақпарат қаперде жүруі шарт? Көз жүгіртіп көрелік...**

## IMEI-кодтың барын біл...

"Күндердің күні болғанда, жер-жаһан тарының қауызына сыяды" деген ықылымның сәуегейлігі, жаңа заман қисынымен қарасақ, осы ұялы телефонды меңзегендей көрінеді. Ғалам алақаныңызда. "Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алу", кезінде күйбеңмен атқарылар шаруаны үйден шықпай, саусақ басын қимылдатып-ақ кез келген мемлекеттік қызметке қол жеткізу ақыры осы ұялы телефоныңыздың арқасында мүмкінге айналды. Бұның, әсіресе, мемлекет цифрландыруға екпін салғалы мән-маңызы арта түсті. Ұялы байланыс туралы заңнама бекітіліп, ол жаппай насихатталып, елдегі барлық ұялы телефон тіркеуге алына бастады.

Қазіргі кездің өзінде ұялы телефондардың 70 пайызға жуығы IMEI-коды бойынша тіркеуден өтіпті. Бұл туралы таяуда Парламент Мәжілісінде "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасына арналған Үкімет сағатында Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев мәлім еткен болатын. Жалпы, бұл науқан қолданыстағы ұялы байланыстарды ретке келтіру үшін қажет екені белгілі. Министрліктің халықтан талап қылып отырғандары да сол – меншігіндегі "қалтафонның" IMEI-кодын заңды түрде тіркету, сол арқылы мобильді байланыс операторлары туралы мәліметтер базасын құру. Ол, біріншіден, жеке мүліктің қауіпсіздігі үшін, екіншіден, операторлардан кедергісіз қызмет алу үшін қажет. Оның үстіне, бұл талапқа немқұрайдылық танытқан жағдайда абонент тұтыныс аясынан тыс қалуы әбден мүмкін.

"Әрине, адамдар бұл мәселені уайымдап жүр, алайда құрылғыларын тіркеуден өткізуге асықпайды. Бүгінде мобильді байланыс абоненттер деңгейі халық санынан асып түскен. Егер де бізде 26 млн пайдаланушы болса, халық саны – 18 миллионнан астам. Яғни кейбір адамдар бірнеше телефон ұстайды, 3-4 телефонды қатарынан пайдаланатындар бар. Қазіргі кезде 70 пайызға жуығы ғана тіркеуден өтті", – деген еді бұл жөнінде министр Д.Абаев.

Тоқ етерін айтқанда, 2019 жылдан бастап IMEI-кодын тіркемеген абоненттерге ұялы байланыс қызметі көрсетілмейді. Яғни, жоғалған телефондарды іздеу жұмыстарын жеңілдету, сонымен қатар қылмыстарды тергеуге көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың соңына дейін Қазақстан тұрғындары өздерінің ұялы құрылғыларын ЖСН-іне тіркеуі шарт. Гаджетіңіз ұялы байланыс қызметінен оқшауланбауы үшін бүгіннен бастап қам жасағаныңыз жөн.

## Заңға сүйенсек...

Жоғарыда айтқанымыздай, қазіргі кезде қалта телефонына ермексіп немкетті қараған жөн емес. Абонент ретіндегі жауапкершілігіңіз бар. Ол ҚР "Байланыс туралы" заңында атап көрсетіледі. Биыл аталмыш заңға, нақтырақ айтқанда, ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Енді жаңа жылға дейін мобильдік құрылғыңызды жаңа ережеге сай тіркетудің тетіктерін сіздермен бөліселік.

Ең әуелі айтарымыз, кез келген азаматтың абоненттік құрылғысы, яғни, телефонын тіркеу ақысыз, автоматты түрде іске асады. Оның жеке сипаттамасы мен мәліметтері сәйкестендіру кодтарының дерекқорына жіберіледі. Тіркеуге Қазақстан аумағында жасалған, еліміздің ұялы байланыс желілерінде жұмыс істейтін, ҚР аумағындағы роумингте тұрған құрылғылар ғана жарамды саналады.

Телефоныңызды заңды тізімге іліктіру үшін ЖСН, құрылғының сәйкестендіру кодын, пайдаланылатын абоненттік нөмірлер туралы мәліметтерді көрсетсеңіз болғаны. 14-18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандардың абоненттік құрылғылары олардың заңды өкілдерінің келісімі бойынша тіркеледі. Егер дерекқордағы "соткаңыздың" мәліметі сіздің ақпараттарыңызбен сәйкес келмеген жағдайда ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге тыйым салынады. Демек, тіркеуде болмасаңыз немесе құрылғыңыздың базалық дерекке сәйкес келмеуі сізді байланыс аясынан тыс қалдырады.

## Сіз қай оператордансыз?

Әр абоненттің тиімді санап жүгінетін өз операторы болатыны белгілі. Бірі жеңілдік, үнемділік мүмкіндіктеріне орай, енді бірі қызметі барысындағы тиімділік үшін таңдау жасайды. Тиісінше, әр оператор абоненттерін тіркеуге алу тетіктері әр алуан. ҚР "Байланыс туралы" заңында бұл да егжей-тегжейлі көрсетілген.

Мәселен, "Мобайл Телеком-Сервис" ЖШС (Теле2 және Алтел) абоненттері мынадай әдістер арқылы тіркеледі:

– абонент ЖСН-ін көрсетіп, 6914 нөміріне смс жіберу арқылы өз еркімен;

– *6914# USSD-командасын теру және ЖСН-ін енгізу арқылы өздігімен;

– қажетті ақпаратты сату және қызмет көрсету кеңселеріне беру арқылы;

– http://imei.altel.kz немесе http://imei.tele2.kz интернет-ресурсына ЖСН-ін теру арқылы өздігімен;

– абоненттік құрылғының дұрыс тіркелгендігін *835# командасы немесе Жеке кабинет арқылы тексеруге болады. Тіркелу немесе тіркеуден шығу туралы қосымша ақпарат алу үшін Теле2 және Алтел байланыс кеңселеріне жүгінсеңіз болады.

"Кар-Тел" ЖШС (Билайн) операторының абоненттері де жоғарыдағы бастапқы екі команданы орындау арқылы өздігімен тіркеле алады. Яғни, мұнда да 6914 нөміріне хабарлассаңыз жеткілікті. Ерекшелігі – мұнда "Мой Beeline" мобильді қосымшасы, QIWI төлем терминалдары, сондай-ақ "Қазпошта" АҚ бөлімдері және www.beeline.kz ресми сайты арқылы бұл шаруаны оңай шешу мүмкіндігі бар.

Ал "Кселл" АҚ (Актив және Кселл) тұтынушылары ЖСН-дерін көрсетіп, 6006 нөміріне смс-хабарлама жіберу арқылы, *660# USSD-командасын теру арқылы өздігінен тікелей тіркеле алады.

**P.S. Ұялы телефонның "тілін" еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін меңгерген өркениетті заманда біз атаптүстеп отырған тіркелу амалдарының еш қиындық туғызбайтыны шүбәсіз. Мұның бәрі электронды жүйені жүйткіте түскен жаһандық үдерістің талабы. Сіз де, ағайын, жаңашылдықтан қарыс қадам қалмағайсыз. Байланыс аясында болыңыз!**

ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ

# "Мәңгүрт"

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қазақ жасөспірімдер театрының репертуары тағы бір тың туындымен толықты. Жаңа премьера "Мәңгүрт" психологиялық драма (қасірет) ретінде – жазушы Ш.Айтматовтың "Ғасырдан да ұзақ күн" романының желісі бойынша көрермен назарына ұсынылды.

Қойылымда: теміржол бойындағы қым қуыт-тіршілік, қырық жылдан астам уақыт бойы осы салада тапжылмай еңбек еткен Қазанғаптың өлімі, қарт теміржолшының өсиетін орындау барысында шәкірті Едігенің алдынан шыққан кедергілер, Найман ананың басынан кешкендері, Мәңгүрт ұлдың бейнесі, ғарыш айлағы, адамзат баласының басындағы ауыртпалық, қайғы-қасірет баяндалады.

– Тарихи жадынан айрылған жеке адам да, жүйе де мәңгүртке айналады. Ал оларға қарсы жасампаз күш – қандай қиындықта да адамдығын жоғалтпаған, ата-баба дәстүріне, тіліне, дініне адал Едіге.

Бұл – психологиялық ментолды террор. Адамгершілік қасиеттерінен айрылған адам – мәңгүртке айналады. Ақ-қара, жақсы-жаманның ара-жігін ажырата алмайды. Тегін ұмытып, ішіп-жеуге, қара жұмыс атқаруға ғана қабілетті адамдар қатарын толықтырады. Тілі мен дінінен, ұлттық құндылықтарынан безіп, ар-ұяттан қалған сәттер бүгінгі күйін көрсетеді, – дейді спектакльдің қоюшы режиссеры, Мәдениет саласының үздігі Әлия Садықова.

Басты рөл Едігені ҚР Мәдениет қайраткері Ораз Нұрғали мен Республикалық театрлар фестивалінің лауреаты Орынбасар Қойбағаров сомдады.

Арқалық қаласы.

**СУРЕТТЕ: спектакльден көрініс.**

**Суретті түсірген автор.**

# Талантты Тасқын

Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпазы Тасқын Әжібайдың "Өнерлі өренім – Торғайдың" атты ән кеші өтті.

Тасқын Оңғарұлын эстрадалық ән айту жанры бойынша белгілі әнші екенін жақсы білеміз. Қазіргі таңда аудандық мәдениет үйінде режиссерлік қызметті абыроймен атқарып келеді. Мәселен, "Тамұқ" атты сахналық қойылымға режиссерлік жасап, халықтың ықыласына бөленді. Сонымен қатар, Өзбек сатирасының жұлдызына айналған "Келіндер көтерілісі" комедиялық драмасын әртістік қабілетінің арқасында асқан шеберлікпен ойнап шықты. Астарында әжуәсіз әзілі бар "Made in махаббат" сатиралық комедиясында басты рөлді сомдады. Әсем сазға толы кеште шырқалған А.Байтұрсыновтың "Екі жирен", Е.Хасанғалиевтің "Ақ жайық елім" әндері өнер сүйер қауымның құлақ құрышын қандырды. Өнердегі әріптестері Фариза Бүркітбай мен Нұрхафис Орекенұлы әуелетіп ән шырқап, Тасқынның мерейін көтерді. Тасқын мектеп қабырғасында оқып жүргенде талантымен танылды. 2007-2008 жылдары Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің "Вокал" бөліміне қабылданды. Талай шәкірттерді қанаттандырып, балапан қырандарды қырағы еткен ұстазы Бибігүл Сұлтанова осы кештің басты қонағы болды. Шәкіртімен қосылып ән айтып, әуезді кештің көрігін қыздырды.

Кешке жиналған көрермендер қимастықпен тарқасып, естелік суреттерге түсіп жатты. Аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Қуанышбекұлы аудан әкімінің алғыс хатын табыстады. Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінің директоры Гүлзат Хамзина және өнер мектебінің директоры Жанар Шалабай кеш иесінің өнер жолына кеңінен тоқталып, бағалы сый-сыйлаттарымен марапаттады.

**Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.**

Жанкелдин ауданы.

ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР

# Жыл жетістіктері қандай?

## Индустриялық аймақ – әлеуетті күш

2017 жылы облыс орталығында өнеркәсіп әлеуетін арттыру үшін индустриялық аймақ құрылған болатын. Индустриялық аймақтың негізгі мақсаты – жеке кәсіпкерлерді қолдап, отандық және шетелдік өндіріс нысандарының жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау. Ол қаланың батыс бөлігінің сырт жағына орналасқан. 400 гектар аумақты алады. Индустриялық аймақтың құрылуы үш кезеңнен тұрады деп жоспарланған. Алғашқы кезеңде 120 гектар жерге салынатын өндіріс орындары игеріледі, инфрақұрылымы салынады. Инфрақұрылымның құны 2,5 миллиард теңгеге бағаланып отыр. Қазір ашылған алғашқы кезеңінде аймақтың әкімшілік-тұрмыстық кешені, сыртқы коммуникациялық жұмыстары дайын болды. Әкімшілік-тұрмыстық кешенде жалға алушылар үшін 10 кабинет, 40 орындық асхана, 11 орындық қонақ бөлме бар. Сонымен қатар, алдағы уақытта инвесторларға оңай болуы үшін мұнда банк консультанттары, нотариус, кәсіпкерлерге қажетті басқа қызмет түрлерінің өкілдері отыратын болады.

Қостанайдың индустриялды аймағы жалпы сомасы 1 трлн теңгеден асатын 12 жобаны орналастыруды жоспарлап отыр. Мұндай деректі Қостанай облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасы келтіреді.

Атап айтқанда, аталған аймақта ресейлік "Композит Групп" холдингінің жобасы МТЗ тракторларының өндірісі орналастырылады. Қазіргі уақытта құрал-жабдықтарды орналастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2019 жылы индустриялық аймақта астық және майлы дақылдарды терең өңдеу ауыл шаруашылығы хабын салу жұмыстарына кіріс жоспарланған. Жобаның құны оның алғашқы сатысында 2,3 млрд теңге болады, жақын жылдары 15 млрд теңгеге дейін жетеді. Өндірісте 200 адам жұмыс орнын табады.

Индустриялық аймаққа "Астық" элеваторлық құралдар зауыты өзінің құрылыс материалдары және металл құрылғылары цехын салады. Құны 1 млрд теңге болатын цех 20 шақты адамға жұмыс береді. Биыл іске асатын төртінші жоба бойынша қытайлық компания (YTO Group Corporation) YTO маркалы трактор құрастыратын өндірісті іске қосады. Жобаға қытайлықтар 1 млрд АҚШ долларын құяды.

Жоспарланып отырған ауыл шаруашылығы хабы қазақстандық "BioGrain" кәсіпорны мен қытайлық China Marine Bunker компаниясының бірлескен жобасы саналады. Жобаның жалпы құны 300 млн АҚШ долларын құрайды. Қазірдің өзінде "BioGrain" компаниясы қытайлық Шаньси компаниясымен өндірілген барлық өнімді ҚХР-ға экспорттау туралы (off-take келісім-шарты) меморандумға қол қойған.

## Меншік иелері өзгерді

Қостанай халықаралық әуежайы республикалық меншік тізімінен алынып тасталды. Бұл нысан осы уақытқа дейін ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің балансында болып келді. Жекешелендірудің екінші кезеңінде тағы да сатылмай қалып, республикалық меншік тізімінен алынып тасталды. Осыған дейін әуежайдың ұшу-қону жолағы жеке мүлік ретінде коммуналдық меншікке берілген еді. Қазіргі уақытта онда республикалық трансферт есебінен жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Енді "Қостанай халықаралық әуежайы" АҚ 100 пайыз акциясы республикалық меншіктен Қостанай облысының коммуналдық меншігіне берілді. Бұл процесс мемлекеттік заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асты. Заң бойынша, сатылымға қойылған нысан 3 рет өтпесе, онда коммуналдық меншікке өткізуге тура келеді. Үкімет қаулысы бекітілгеннен кейін әуежайдың жөндеу жұмыстарына жұмсалатын қаржы облыс бюджетінен алынады.

Айта кетейік, халықаралық әуежай Қостанай қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Бір жыл ішіндегі рейс саны – 1700. Жеткізілетін жүк пен поштаның көлемі – 250 тоннадан астам.

Қостанайда "1000 сауда орны" бағдарламасы бойынша алғашқы 15 жер учаскесі бөлінді. Ең қымбат жер "Kostanay Plaza" сауда орталығы айналасындағы жер телімі болды. Учаске аукционда бастапқы бағасынан үш есе қымбатқа – 1 миллион 170 мың теңгеге сатылды. Бағдарламаға "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы бастамашыл болды. Ондағы мақсат – тұрақты емес сауда үшін учаскені жалға алуды қалайтын кәсіпкерге жеңілдік беру. Бұрын бұл процесс бірнеше айға созылып, қыруар құжат жинауды талап ететін. "1000 сауда орны" жобасы басталғалы бәрі де оңай бола бастады. Схема өте қарапайым: "Тобыл" әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы учаскені жалға алады, оны ресімдеп, аукцион арқылы кәсіпкерлерге қосалқы жалға береді. Яғни, кәсіпкер аукционның ертеңіне-ақ шартқа қол қойып, жер телімін пайдалана алады.

Қалған учаскелер, атап айтқанда, Орталық саябақтағы және Қостанайдағы жағалаулардағы жерлер 144 мыңнан 500-600 мың теңгеге дейінгі аралықта бағаланды.

Сондай-ақ, Қостанайдағы Тобыл өзені арқылы өтетін көпір коммуналдық меншікке өткізілуі мүмкін. Бұл жөнінде ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің сайтында жарияланған құжатта жазылған.

"ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Автокөлік жолдары комитетінің меншігінен Тобыл өзенінен М-36 "РФ шекарасы – Алматы" автомобиль жолы арқылы өтетін көпір Қостанай облысының жеке меншігіне өткізілсін", – делінген Үкіметтің "Республиканың меншігіндегі мемлекеттік мүлікті Қостанай облысының коммуналдық меншігіне аудару мәселесі жөніндегі" қаулысының жобасында.

## Инвестиция ірімдері

2017 жылы облыста жаңа кәсіпорындардың саны артты, соны сапаға көшті. Өндірістік сала 4,1%-ға, ауыл шаруашылығы тауарлары өсімі 3,5%-ға еселенді.

Қостанай қаласында инвестициялық қаржының өсімі анық байқалады. Егер ол 2015 жылы – 82, 2016 жылы – 92,5 процент болса, 2017 жылы – 104,3, ал үстіміздегі жылдың 8 айында 112,9 процентті құрады. Соның ішінде сырттан тартылған инвестиция көлемі 2 есеге жуық өсті, яғни 2017 жылы 6,1 млрд теңге болса, 2018 жылдың басынан бүгінге дейін тартылған қаржы 11,7 млрд теңгеге жетті. Өнімі нарық сұранысына ие кәсіпорындар жұмыс істей бастады.

Мәселен, қаладағы "Баян сұлу" кондитер фабрикасы – облыстағы байырғы кәсіпорын. Ол инвестиция салып, өзінің цехтарын заманауи құрылғылармен жабдықтап, өндірістік желісін кеңейтті, өнімнің жаңа түрлерін шығарып отыр. Бұл азық-түлік нарығына серпінді ықпал етіп, экспорттық өнім түрлерін әртараптандыруға мүмкіндік берді.

Бұған қоса мал азығына құрамажем дайындайтын екі жем зауыты ашылды. Соның бірі – Қостанай қаласындағы "Трансальпина" жем зауыты. Тәулігіне 200 тонна құрамажем шығаратын қуатпен жұмыс істейтін зауыттың құны 1 млрд теңгеге түсті.

**"Қостанай және қостанайлықтар" айдарын Қасқырбай Қойшыманов жүргізеді**
**Gmail: koishymanovkt@gmail.com**

## Көлік инфрақұрылымы

Биыл көлік инфрақұрылымын дамытуға 36,7 млрд теңге бөлінді, бұл 27,6%-ке артты, яғни, 18,4 шақырымды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді. 26,4 шақырым жолға күрделі жөндеу, орташа жөндеу жұмыстары 441 шақырымға жүргізіледі.

Жөндеу Қостанай қаласының барлық жолы және көшелерін қамтиды. Жолдардағы жөндеу жұмыстарында пайдаланылатын жаңа технологиялар арасында аймақтағы суық рециркуляция әдісі дәлелденген. Бұдан өзге, жалпы сомасы 8 млрд теңге болатын Қостанай қаласы әуежайының ұшу-қону жолағын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағдарлар мен рейстер санын, жолаушылар қозғалысын, кіріс және шығыс туризмін арттырады.

Сонымен қатар, биыл 35 ойын алаңқайлар ашылды. Гимнастикалық кешендерді және ашық жаттығу машиналарын сатып алуға қаржы бөлінді. 21 шағын футбол алаңы және 600 млн теңгеге 15 хоккей корты орнатылды. 2019 жылы аулалық алаңдарды салу үшін 1,6 млрд теңге бөлінеді.

## Жоспарда 10 мың автокөлік

Қазіргі таңда қалада автокөлік құрастыру жұмысы қарқынды дамып келеді. Жыл басынан көлік құрастыру 15,7 пайызға дейін өсті. Автоөндірістің негізгі драйвері – "СарыарқаАвтоПром" ЖШС алаңында биыл 7772 автокөлік, 93 жүк көлігі, 76 автобус пен микроавтобус шығарылды. Ал "АгромашХолдинг" АҚда 225 комбайн пайдалануға берілді. Соған байланысты кәсіпорынның өнімділігі 2,1 есеге артып отыр.

Биыл өңірде автокөліктердің санын 10 мыңға жеткізу көзделуде. 2019 жылы өндіруші алаңда 25 мың автокөлік құрау туралы мақсат қойылған. Негізі үш жыл бұрын бар болғаны 2,5 мың автокөлік шыққан-ды. ҚХР-дан биыл Қазақстан нарығына "SMC" ірі компаниясының енуіне байланысты 1,2 млрд АҚШ долларлық (негізгі пакеті "Группа Компаний Аллюр" АҚ-қа) инвестиция күтілуде. 2023 жылға дейін осылайша, жыл сайын шығарылатын автокөліктердің санын 60 мыңға жеткізу жоспарланған.

**Суреттер архивтен алынды.**

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

# Заң саласының бір тармағы

Медиация – бүгінде қоғамымызда енді ғана дамып келе жатқан заң саласының бір тармағы. Ол даулы жағдайларды шешудің біршама тиімді түрі. Себебі, бұнда шиеленісуші екі тарап медиатордың білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, өзара тиімді шешімге келіп тоқтайды.

Жалпы, медиация дауға қатысушылардың уақытын, қаржысын және эмоционалдық күшін үнемдеуге көп көмектеседі. Оның бір артықшылығы – шиеленісті шешуге, кімнің дұрыс немесе бұрыс әрекет етіп тұрғандығын анықтауға деген талпынысынан бұрын, дұрыс шешімді құрылымдық тұрғыда іздеуге бағытталуында. Бүгінгі таңда медиация заңдық тұрғыда сауатты азаматтық қоғам қалыптастыруға аса қажетті шарттардың бірі саналуы тиіс. Себебі, ол ақиқатты іздеуге ұмтылады. Тараптардың даулы мәселесінің тиімді әрі ақылға қонымды шешімін іздей отырып, тұлғаны және қоғамды жағдайды талдауға, белгілі бір проблемаға баға беруге үйретеді. Сондықтан, медиацияны тек күрделі мәселені шешудің тиімді тәсілі деп қана емес, заң тұрғысындағы заманауи білімнің тармағы деп түсінген жөн.

Медиацияны қоғамда ағартушылық қызмет атқарады деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені, оның үрдісіне қатысатын тараптар мәселенің шешімін өздігінен іздеп табуға, туындаған күрделі жағдайдың барысын талдауға, құқықтық және моральдық тұрғыда заң саласымен жіті танысуға мүмкіндік алады. Мәселен, қандай да бір даулы мәселе әртүрлі себептерге байланысты сот үрдісінде айлар немесе жылдар бойы талдануы мүмкін. Ол іс уақыт өте келе сотта шешімін тапқанымен, нәтижесі

тараптардың мүдделеріне сәйкес келмей жатуы ықтимал. Медиацияның ұтымды тұсы да осында. Ол заңның аясында бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қос тарапқа да мәселенің мән-жайына терең үңілуге мүмкіндік беретіндігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, қоғамда әділеттіліктің, құқықтық теңдіктің қамтамасыз етілуіне жол ашады. Бұдан бөлек, медиация еліміз мақсат тұтқан заң үстемдігін қамтамасыз ету міндетінің іске асырылуына ықпал етеді. Еліміздің жалпы ұстанған саясатына, яғни бейбітшіл қоғам қалыптастыру идеясына сүйене отырып, мемлекет басшысы да медиацияны дамыту жөнінде бірқатар тапсырмалар берді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Судьялар одағының V съезінде сот тәртібімен қаралуға жататын даулы дамайларды азайту мәселесіне назар аударуды, соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін, соның ішінде бітімгершілік және медиация процедураларын енгізуді тапсырған болатын. Осыған дейін 2011 жылдың 28 қаңтарында ҚР "Медиация" туралы Заңы қабылданды. Бұл Заңға сәйкес, Қазақстанда дауларды баламалы шешудің жаңа түрі – медиация енгізілген еді.

Елбасы "Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам" атты мақаласында медиация институтын дамытуға бағытталған заңға бағынысты құқықтық база қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырды. Бұдан бөлек, медиация құрылымдарын ұлттық және жеке компанияларда да құру қажеттігін айтты. Медиацияның маңызы халыққа жалпы үндеу саналатын "100 нақты қадамның" 26, 33-қадамдарында да ашық айтылған. Сондықтан, бұл сала қоғам арасында айтылып, іске асырылып жүргендіктен біртіндеп жақсы нәтижелер де көбеюде. Аталмыш сала қалыпты құбылысқа айналып, қоғамда өз рөлін қалыптастыру үшін де уақыт керек. Себебі, судьялардың VII съезінде дауларды сотқа дейін реттеу тетіктерін енгізуде медиацияны қолдануды одан әрі кеңейтудің кезекті қадамы ретінде жеке санаттағы дауларды медиация тәртібімен сотқа дейін реттеу бойынша пилоттық жобаның іске қосылғанына көп уақыт болған жоқ. Белгілі бір жүйенің толыққанды қызмет етуі үшін жан-жақты талдануы қажет екені де белгілі.

Бүгінгі таңда сот жүйесінде, оның ішінде медиация тұрғысында біз көбінесе еңбек, отбасы саласындағы талап-арыздарды жиі қарастырамыз. Мұндай жұмыстарды тиімді іске асыру өңірімізде біртіндеп жүйеленіп келеді. Бұған азаматтардың заң саласындағы талап-тілектеріне көмектесуге септігін тигізетін арнайы татуластыру кабинетінің ашылуы ықпал етті дей аламыз. Осының арқасында бірқатар жұмыстар жеңілдеп, белгілі бір жүйе қалыптасып келеді. Сонымен қатар, судьялардың жүктемесі де азаюда. Сондықтан, біздің ойымызша медиация саласы алдағы уақытта азаматтардың мүддесін қорғауда, қоғамдағы өзекті мәселелерді дұрыс шешуде бірқатар жетістіктерге жетуге септігін тигізеді.

**Г.РАХМЕТУЛЛИНА,**
**Қостанай қалалық сотының судьясы.**

# Ана тілім – тәуелсіздігімнің тірегі

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі, баға жетпес қазынасы – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Сондықтан, кез келген өркениетті, тәуелсіз елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны және шекарасы болатыны секілді – мемлекеттік тілі де болады. Өйткені, тіл – біздің ана тіліміз – Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымызбен қатар, біздің тәуелсіз елдігіміздің басты белгілерінің бірі болып саналады. Биыл үстіміздегі жылы Тәуелсіздігіміздің 27 жылдығын атап өтпекпіз.

Ата Заңымыздың 7-бабында "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі" – деп тайға таңба басқандай айрықша мәртебе берілген. "Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады", – деп көрсетілген. Демек, ресми тіл деген тіл жоқ, ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген ұғым ғана бар. Өкінішке қарай мұның бәрі заң жүзінде ғана, ал, қолданыста бәрі басқаша.

Өз заманында Алаш зиялыларының бірі Міржақып Дулатов: "Алыстан алаш келсе, аттанамын, әкем қазақ, шешем қазақ мен неге қазақтықтан сақтанамын" – деп өлең жолдарында жырлап өткендей, біз неге ана тілімізді қорлап, шұбарлап сөйлеуге бейімбіз.

Әрине, Ата заңның үстемдік етіп, еліміздің бүгінгі күнге дейін өсіп, өркендеп, өзге елдерге үлгі боларлықтай күнге жетуіне тіл саясатының да ықпалы мен тигізген әсері аз болмаса керек.

Елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: "2020 жылы мемлекеттік тілді жетік білетін қазақстандықтар саны 95 пайызды құрауы тиіс" – деген еді. Қазір осы бағытта көптеген оң істер атқарылып жатыр.

Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді қолдану әрбір қызметкердің басты міндеті болып табылады. Кез келген мемлекеттік орган мемлекеттік тіл саясатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары шеңберінде жүзеге асыруы тиіс.

Әрбір мемлекеттік мекеме тарапынан халыққа қызмет көрсетуді ең алдымен мемлекеттік тілде жүзеге асыру міндет болып табылады. Мемлекеттік тілді жетік білу бүгінгі күні әр мемлекеттік қызметкердің алдына қойылып отырған талаптың бірі. Сондықтан, тілді дамытуға әрбір мемлекеттік қызметші өз үлесін қосуға міндетті деп санаймын.

"Ана тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!", – деп ақын Қадір Мырзалиев айтқандай, біз басқалардың құқығын шектемеуге тиіспіз. Мемлекеттік тілдің ахуалын зерделеп, оны кеңінен қолдану, әрине, сот жүйесін де айналып өтпейтіні анық.

Сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу Конституция талабы болғандықтан, соттарда мемлекеттік тілде жазылған құжаттардың, сот актілерінің сапасына жоғары талап қойылуы, мемлекеттік тілдің одан әрі кеңінен қолданылуын кеңейту негізгі міндеттердің бірі болып қала бермек. Сондықтан да, "Тілің болса – үнің бар, тілің болмаса – түгің жоқ" деген ұлағатты сөзді жадымызға сақтап, тіліміздің құндылығын сақтасақ деймін.

"Тілі кеми бастаған халықтың – тәуелсіздігі бұлыңғыр", – деп Міржақып Дулатов айтқандай, сөзімді қорыта келе "мен қазақпын" деген әрбір азамат тілім тәуелсіздігімнің тірегі, тілім – болашағым, тілім – мақтанышым деген биік сезімді мұрат етуі қажет. Сонда ғана ана тіліміздің мерейі үстем болмақ.

**Қостанай гарнизонының әскери соты.**

# Алаяқтық азаймай отыр

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің "әскери қылмыстар" тарауына біршама өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ, сарбаздардың тәртіп бұзбауын қадағалап, ҚР жалпы әскери жарғысына сәйкес жүріп-тұруларын қалыпқа келтіру мақсатында, әскери полиция мен әскери тергеу басқарма органдары құрылды. Осыған сәйкес, 2010 жылы 29 сәуірде №271-4 Қазақстан Республикасының "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" заңы қабылданған болатын.

Өткен жылдармен салыстырғанда еліміздің әскерилері арасында қылмыстық құқық бұзушылық төмендеп келеді. Оған дәлел ретінде Қостанай гарнизонын алайық. Гарнизонда 2010-2014 жылдар аралығында 8-ден 10-ға дейін қылмыстық іс тіркелсе, ал 2015 жылдан бастап тіркелген қылмыс саны бестен асқан емес.

Алайда, жыл өткен сайын әскердегі құқық бұзушылықтың азаюына қарамастан, заманға сай кеңінен таралған "алаяқтық" қылмыс түрі Қостанай гарнизонында төмендер емес. Мысалы, 2015 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицері Қ.Тасболатұлының алаяқтық әрекеті бойынша Қостанай гарнизоны әскери соты қылмыстық іс қозғап, сот үкімімен оны 3 жылға бас бостандығынан айырды. 2016 жылы Қостанай қаласының қорғаныс істер жөніндегі басқармасының офицері капитан Д.Коровин дәл осындай қылмыс жасағаны үшін сотталып, тиісті жазасын алды.

Арада бір жыл өткеннен кейін, алаяқтық жолмен пайда тапқысы келген ҚР Ұлттық Ұланының 6697 әскери бөлімінде қызметін атқарған әскери қызметшісіне қатысты іс Қостанай гарнизонының әскери сотында қарастырылуда.

**Р.ТҰҒЫРОВ,**
**Қостанай гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры.**

**Бетті әзірлеген Шұға ҚОҢҚАБАЙ**

# Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы

2018 жылғы 5 қазанда біздің республикамыздың дамуындағы маңызды күн болды. Осы күні Президент Нұрсұлтан Назарбаев жақын арада орындалатын ел дамуының жаңа бағытын атап өтті. "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сапасын арттыру" Жолдауында дәстүр бойынша ел дамуының нақты қадамдары мен міндеттері аталды. 5 жыл уақыт бойы білім, ғылым және денсаулық сақтауға барлық көздерден жұмсалатын шығындар ЖІӨ-нің 10%-на дейін артатыны денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін қуантады. Қойылған міндет – табыс пен өмір сапасын арттыру. Бұл дегеніміз, жаңа құрылғылармен қамтылған мектептер мен емханалар салынады деген сөз. Мұның барлығы көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Осыған орай алғашқы медициналық-санитарлық көмектің дамуы, қоғамдық денсаулық сақтау қызметін құру, ең алдымен халықтың денсаулығын сақтау мен жақсарту және ауырудың алдын-алуға бағытталады.

Елбасы айтқандай, ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы. Бұл – қазақстандықтар сапалы азық-түлікті пайдалануға тиіс деген сөз.

Бүгінде халықты сапасыз әрі денсаулыққа және өмірге қауіп төндіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерден қорғайтын тұтас саясат жоқ. Келесі жылдан бастап Тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитеті жұмысын бастауға тиіс. Оның қызметі ең бастысы, азық-түлікке, дәрі-дәрмекке, ауыз суға, балалар тауарларына, медициналық қызмет көрсетуге сараптама жүргізуді қамтитын болады. Біз әрдайым бизнесті қолдаймыз, бірақ адам, оның құқықтары мен денсаулығы аса маңызды. Мемлекет әкімшілік кедергілерді азайту аясында көптеген тексерістен, рұқсат беру және басқа да рәсімдерден бас тартты. Сондықтан ұсынылатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі үшін бизнес-қоғамдастығы да жауап береді. Жалпы, бизнес пайда табуды ғана емес, сондай-ақ, мемлекетпен бірлесіп азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен жайлы тұрмысын қамтамасыз етуді ойлауы керек.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру аясында халықтың денсаулығын сақтауға, жарақаттанудың алдын-алуға және жұқпалы емес негізгі ауруларға жол бермеуге, алкогольді, темекі, тұзды, тоң майларды және т.б. тұтынуды азайту жөніндегі бастамаларды жалғастырамыз.

Мемлекет басшысы атап өткендей, әрбір адам өзінің кәсіби міндеттерін орындау үшін жеке жауапкершілікті көтеруге тиіс, бұл біздің еліміздің табысты дамуы үшін ынталандыру болып табылады.

**Б.ҚОРҒАНБЕКОВА,**
**"Арқалық қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы"РММ басшысы.**

# Дұрыс тамақтанайық

Дұрыс тамақтану пирамидасын Гарвард қоғамдық денсаулық мектебінің американдық диетологтары әзірленген болатын. Пирамиданың негізін күнделікті физикалық жүктемелер және салмақ бақылауы, сондай-ақ жеткілікті түрде сұйық ішу (әйелдерге күніне кемінде 1,5 л. және ерлер үшін 2 л.) құрайды. Одан әрі әрбір қабатқа азық-түліктердің өзге топтары орналасады.

Азық-түліктер "қабаттар" бойынша мынадай түрде орналастырылады: 1 қабат – бөлінбеген дәнді-дақылды азық-түліктер, ірі ұнтақталған ұннан жасалған нан, ботқалар, тазартылмаған (қоңыр) күріш, ірі дәнді-дақыл ұнынан жасалған макарон өнімдері; өсімдік майлары (соя, зәйтүн, күнбағыс, рапс, жүгері, арахис және басқа да майлар). Осы топтағы азық-түлікті күнделікті пайланған жөн. 2-ші – көкөністер (әртүрлі), жемістер, жидектер (2-3 порциядан күн сайын), 3-ші – жаңғақтар, дәндер (1-3 порция), 4-ші – балық, құс (әсіресе терісі алынған еті), жұмыртқа (2 порцияға дейін күн сайын), 5-ші – сүт және сүт өнімдері (1-2 порция), 6-шы – қызыл ет, шұжықтар, сары май, маргарин, тәттілер, картоп, ақ нан және күріш, газдалған сусындар (сирек пайдаланған жөн).

Осылайша, Гарвард сарапшыларының тағамдық пирамидасының басты қағидаты мыналарға негізделген: пирамиданың негізіндегі азық-түліктерді мүмкіндігінше жиі пайдалану қажет. Осы негізден алыстау тұрған азық-түліктер біздің рационымызда соншалықты аз орын алулары тиіс. Ал пирамиданың шыңында орналасқан тағамнан тіптен бас тартуға немесе сирек пайдалануға болады.

Тағамдық пирамиданы пайдаланғанда мөлшерлілік қағидатын сақтаған жөн. Тіпті калориясы аз өнімдерді көп мөлшерде жеу бұл денсаулықтың жақсаруына және салмақты азайтуға әкелмейді, керісінше нәтижеге әкеледі.

Күн сайынғы рационды жасаған кезде қозғалыс белсенділігі қағидаты назарға алынады. Диетологтардың кеңестері бойынша физикалық белсенділік күніне кемінде 60 минутты алуы тиіс.

Тағамдық пирамида ас мәзірін жасау және дұрыс тамақтану қағидатын түсіну үшін жақсы анықтамалық көрсеткіш болып табылады. Оны жасаушылардың ойы бойынша әрбір адам өзінің рационын біртіндеп өзгерте отырып, түзетуіне болады.

Деніңіз сау болсын және дер кезінде өз күтіміңізді қолға алыңыз!

**Анара ТУРАМИЕВА,**
**"Арқалық қалалық қоғамдық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің санитарлық-эпидемиологиялық бөлімінің басшысы.**

# Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын

Балаға білім беру, оқыту оңай іс емес деп ойлаймын. Бұл кәсіппен өз ісін сүйген, балаларды жақсы көрген адам ғана айналыса алады. Ұстаз біліммен бірге тәрбие береді. Ұстаз болу үшін үлкен күш және табандылық керек. Талғамы биік, парасаты жоғары ұстазымыздың бірі – осы салада еңбек етіп келе жатқан, Қостанай қаласының №16 орта мектебіндегі жоғары санатты қазақ тілі пәнінің мұғалімі Гүлшат Қайроллақызы Сабыкова.

Гүлшат Қайроллақызы сабақ беру мәнерімен, өзіндік көзқарасымен, жаңашылдығымен оқушыларының көкейінде жүреді. Абай ақын: "Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез" демекші, әр оқушыға жоғары талап қойып, терең ой тастай білетін ұстаз деп айта аламын.

"Теңізді тамшысынан танығындай", ұстаз зертханасын оқушыларынан-ақ білуге болады. Оқушылары облыстық, қалалық, республикалық қашықтықтағы олимпиадалардың, ғылыми жоба қорғаудағы конкурстардың жүлдегерлері. 2018 жылғы 20 қазанда болған 1-7 сынып оқушыларының "Зерде" республикалық зерттеулік жобалар және шығармашылық жұмыстардың қалалық кезеңі конкурсында II дәрежелі дипломына менің ұлым да ие болды. Менің ұлым 5-сынып оқушысы Әбдреш Зауытбек алғашқы үлкен конкурсқа қатысып, осындай нәтижелі орынға ие болғанына ана ретінде қатты қуандым! Әрине, осындай дәрежеге жеткізіп отырған ұлағатты ұстаз Гүлшат Қайроллақызының аянбай еңбектеніп, балаға талап қойып, ақыл-кеңес беріп, дайындағанының нәтижесі демекпін. Менің ұлым Зауытбек Этномәдениеттану саласында "Қазақ ырымдары мен тыйым сөздерінің тәрбиелік мәні" деген тақырыпта жобасын қорғады.

Ұлым орыс тілді мектепте оқиды, соған қарамастан қазақ мектебінде оқитын оқушылардың арасынан топ жарып, осындай жетістікке ие болды. Бұл нәтижеге жету оңай емес. Осындай жетістікке қол жеткізген, ұстазымыздың қажымай еңбектеніп, шәкіртіне берген білім нәрінде деп айта отырып, ұстазға мың да бір рахмет, осындай қиын да шыдамдылық пен төзімділікті қажет ететін, тынымсыз еңбегіңіздің арқасындағы жетістіктеріңіз мол болып, шәкірттеріңіздің жемісін көріңіз дегім келеді. Зауытбегіме жауапкершілікті сезіне білуді, жоғары талап қоюды, жоғары белестерді бағындыруды үйретті. Ұлыма болашақта осы жолдан таймай, әрі қарай өз ана тіліңді қастерлеп, биіктерден қанатың талмай,

ұстазыңның, еліңнің мақтанышы болсын деп тілегімді тілеймін.

Халық даналығында "Ұстазы жақсының ұстамы жақсы" деген сөз бар. Ұстаздың ұлағатын ұғынған, білімін бойына сіңірген шәкірт ешқашан жерде қалмайды. "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" демекші, мен өз ұлымның өнегелі ұстазы туралы жаздым. Осындай ұстаздың даңғыл жолы әрқашан жарқырай берсін!

**Раушан КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ,**
**Қостанай қаласының тұрғыны.**

# "Айдын көлдің еркесі"

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Отаркүл Мұқатова туған жері Торғайға келіп, осындай атаумен ән кешін берді. Аталмыш ән кешінде жергілікті сазгерлердің әуезді әндері шырқалып, Торғай даласын сырлы сазға бөледі.

Отаркүл Оразбайқызының өнері мен өміржолы тыңдармандарына етенеден таныс. Москва қаласында жастар арасында өткен дүниежүзілік 12 фестивалінде дипломант атанды. Фольклорлық-этнографиялық "Шертер" ансамблінің белді мүшесі болды. Аталмыш ансамбльдің филармониясына басшылық жасап, облыс көлеміне танытқаны баршаңызға мәлім. Арқалық қалалық жасөспірімдер театрының директоры болып, абыройлы қызмет атқарды. Осы аралықта талантты жастарды театр сахнасына шығарып, дарын иелерінің есімдерін көпшілікке насихаттады. Аудан мәдениетінің дамуына үлес қосқан өзіндік қолтаңбасы бар өнер адамы және өнер жанашыры. Кіндік қаны тамған туған жерін әнмен тербеген Торғайдың ерке қызы, күміс көмей әнші Отаркүлге аудан жұртшылығы дән риза.

Аудан әкімі Шота Оспанов кеш иесіне торғайлықтардың атынан тілегін арнап, алғыс хат тапсырды. Келесі күні Отаркүл Оразбайқызы Ақшығанақ ауылдық округіне барып, ауылдықтарды әнмен сусындатты.

# Байдостың ән кеші

"Шаштараз сақал түзетер, өнерпаз шаһар түзетер" деген халық даналығы әрбір өнер иесінің санасында жаңғырып тұруы керек. "Қына тастан, өнер жастан шығады". Киелі Торғай жері түлеткен дарынды ұл-қыздарымыз қазыналы елдің өнегелі өнерін лайықты жалғастырып келеді. Білімді – санат, өнерді – қанат еткен осындай жастарымыз қашанда еліміздің мақтанышы. Солардың бірі емес бірегейі, Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің ұстазы, күйші, жыршытермеші, дәстүрлі әнші Байдос Қожасағиев.

Байдос Серікбайұлының "Ән-жырым саған, туған ел!" атты алғашқы ән кеші аудандық мәдениет үйінде өтті. Халықтың ыстық-ықыласына бөленіп жүрген өнерлі азаматтың тыңдармандары көрермендер залына лық толды. Байдос ән кешінің шымылдығын өнер мектебінің жанынан құрылған "Дала сазы" ансамблінің сүйемелдеуімен Құрманғазының "Қызыл қайын серпер" күйімен ашты. Айтпақшы, кеш иесі жергілікті ақын Ғ.Әбілхайыровтың сөзіне жазылған "Туған жер Торғайым" әнін аталмыш ансамбльдің сүйемелдеуімен орындап, рухымызды көтеріп тастады. Себебі, бұған дейін бұл ән тек эстрада жанрымен айтылып келген болатын.

Әуезді ән кешінде жергілікті ақындар мен сазгерлердің әндері көптеп шырқалды. Ұлы даланың ұлттық әндері әуелеген кеш торғайлықтардың рухани байлығын молайтып, тамаша көңіл-күй сыйлады.

Кеш соңында аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Торбаев аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттап, естелік сыйлық тапсырды. Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің директоры Жанар Асанханқызы жылы лебізін алғыс хатпен жеткізді.

**Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.**

Жанкелдин ауданы.


Дильдибеков Алпамыштың сенімді тұлғасы Лаптев Михаил Анатольевич кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Ломоносов селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

– алаңы 7,4 га, кадастрлік нөмірі 12-185-033-115 жер телімі;

– алаңы 68,1 га, кадастрлік нөмірі 12-185-033-114 жер телімі.

Сауда 2018 жылғы 23 желтоқсан сағат 9.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровское селосы, Базарная көшесі, 34.

Саудаға қатысуға өтінімдер 2018 жылғы 22 желтоқсан сағ. 17.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровское с., Базарная көшесі, 34. Анықтама үшін тел. 8(71443) 21731.

Лаптев Михаил Анатольевич доверенное лицо Дильдибекова Алпамыша в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного долгосрочного землепользования на земельный участок, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства, расположенный на территории Ломоносовского сельского округа, Мендыкаринского района, Костанайской области.

– земельный участок площадью 7,4 га, кадастровый номер 12-185-033-115;

– земельный участок площадью 68,1 га, кадастровый номер 12-185-033-114.

Торги состоятся 23 декабря 2018 года в 9.00 часов по адресу: Костанайская обл., Мендыкаринский район, с.Боровское, ул.Базарная, 34.

Заявки на участие в торгах принимаются до 17 часов 22 декабря 2018 г. по месту нахождения доверенного лица: Костанайская обл., Мендыкаринский район, с. Боровское, ул. Базарная, 34. Тел. для справок 8(71443) 21731.

"Қазақтелеком" АҚ филиалы Солтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясы келесі мекенжай бойынша жылжымайтын мүліктер сатылатынын хабарлайды:

– Қостанай қ., Станционная көш., 66 үй, бір қабатты ғимарат, көлемі – 124,2 ш.м.;

– Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Октябрьское а., қазандық ғимараты, көлемі – 94 ш.м.;

– Қостанай қ., Баймағамбетов көш., 147/1 үй, 2 бөлмелі пәтер, көлемі – 54,8 ш.м.;

– Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 138 үй, 3 бөлмелі пәтер, көлемі – 71,2 ш.м.;

– Қостанай қ., 5 ш.а., 7 А үй, 3 бөлмелі пәтер, көлемі – 66,2 ш.м.;

Тел. (7142) 573-064, 573-085.

Тукумбаева Анара Нурлановна "Уразов Г. А." ШҚ сенімді тұлғасы кепіл мүлкін соттан тыс сату тәртібінде Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Севастополь ауылдық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер телімдеріне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату бойынша қайта сауда-саттық өткізу туралы хабарлайды

№ 1 лот – жер телімі, кадастрлік №12-190-033-058
№ 2 лот – жер телімі, кадастрлік №12-190-033-062
№ 3 лот – жер телімі, кадастрлік №12-190-033-060
№ 4 лот – жер телімі, кадастрлік №12-190-033-088
№ 5 лот – жер телімі, кадастрлік №12-190-033-096
№ 6 лот – жер телімі, кадастрлік №12-190-033-432
№ 7 лот – жер телімі, кадастрлік №12-190-033-483

Сауда-саттық 27.12.2018 ж. сағат 9.00-де мына мекенжайда өтеді: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Севастополь ауылдық округі.

Аукционға қатысу туралы өтініштер 26.12.2018 ж., сағат 18.00-ге дейін қамқорлық орнында қабылданады: Сарыкөл ауд., Олимпиада көш., 1 үй, телефон 8778-165-09-99.

Тукумбаева Анара Нурлановна доверенное лицо КХ "Уразова Г.А." в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении повторных торгов по продаже права временного долгосрочного землепользования на земельные участки, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, расположенные на территории Костанайской области, Сарыкольского района, Севастопольского сельского округа.

Лот № 1 земельный участок, кадастровый №12-190-033-058
Лот № 2 земельный участок, кадастровый №12-190-033-062
Лот № 3 земельный участок, кадастровый №12-190-033-060
Лот № 4 земельный участок, кадастровый №12-190-033-088
Лот № 5 земельный участок, кадастровый №12-190-033-096
Лот № 6 земельный участок, кадастровый №12-190-033-432
Лот № 7 земельный участок, кадастровый №12-190-033-483

Торги состоятся 27.12.2018 года в 9.00 ч. по адресу: Костанайская область, Сарыкольский район, Севастопольский сельский округ

Заявки на участие в торгах принимаются до 18.00 ч. 26.12.2018 г. по месту нахождения доверенного лица: п. Сарыколь, ул. Олимпийская, дом 1, телефон 8778-165-09-99.

# Әуесқойлар алаңға шықты

**Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде жоғарғы оқу орындарындағы діни сауаттылық бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының арасында футзалдан жарыс өтті. Облыс әкімдігінің жастар саясаты басқармасы мен "Ел ертеңі" қоғамдық бірлестігі бірігіп ұйымдастырған жарысқа 7 команда қатысты. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген басқарма басшысы Марат Жұрқабаев шараның маңыздылығына тоқталды.

– Елімізде бұқаралық спортты дамыту алдыңғы қатарға қойылған. Осыған орай, біз өз тарапымыздан саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шараларды қолға алдық. Бүгінгі шағын футбол жарысы – соның бір дәлелі, – деді Марат Кенжебекұлы.

Ал "Ел ертеңі" қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Болат Қалиевтің айтуынша, мұндай жарыстарды өткізу арқылы оқу орындарындағы жастарды ұйымшылдыққа шақыруға болады.

– Салауатты өмір салтын насихаттау бір бөлек, оқу орындарында ашылған ақпараттық-түсіндіру топтарын өзара достыққа, патриоттық сезімге, ұлтық мәдениетке тәрбиелеудің маңызы жоғары. Біздің көздегеніміз де осы. Діни сауаттылық артпайынша, саламаттылық орнамайды. Мұны жастарға барынша жеткізу біздің міндетіміз. Күн тәртібіндегі көптеген семинарлар мен кездесулерден тыс, осындай спорт жарыстары қызмет адамдарын, жастарды бір сергітіп тастайды, – дейді Болат Қалиев.

Сонымен, тар алаңдағы футбол турнирі айналмалы жүйе бойынша өтті. Әр топтағы командалар бір-бірімен кездесіп, кім мықтыны анықтады. Жарыс бірінші ойыннан-ақ тартысты болды. Өз тобынан шығып, қарсылас шақ келтірмеген М.Дулатов атындағы ҚИнЭУ бас жүлдеге ие болды. Екінші орын З.Алдамжар атындағы ҚӘТУ, үшінші орын Ө.Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ командаларына бұйырды.

Жеңімпаздарға дипломдар мен медальдар тапсырылып, бағалы сыйлықтар берілді. Әр ЖОО өкілдеріне діни сауаттылық бойынша әдістемелік материалдар тапсырылды. Болат Қалиев айтқандай, мұндай турнир келесі жылы да жалғасын табуы ықтимал.

**Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.**

## Құттықтаймыз!

Біз Диев ауылының тұрғындары Әулиекөлде тұратын **АХМЕТОВА Сағила Хауезқызын** 15 желтоқсанда зейнеткерлік демалысқа шығуымен құттықтаймыз!

Ұзақ ғұмыр жас тілей отырып, ең бастысы денсаулық, жанұясында бақыт, бар жақсылық болсын деп тілейміз. Қашанда қасымыздан табылатын еңбекқорлығың үшін алғысымыз шексіз. Сіз кейінгі ұрпаққа нағыз үлгі болатын адамсыз. Біз істеген жақсылығыңызды ұмытпаймыз, Сіз сияқты адамдар өте аз.

**Құрметпен: Шешингариндер, Байтасовтар, Кокуриндер, Банщиковтер отбастары.**

# "Тәуелсіздік жыршысы"

Аманкелді аудандық орталық кітапханасында ақын, жазушы, журналист, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, "Қазына" сыйлығының, "Жігер", "Елім менің" фестивальдерінің лауреаты, Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасының "Құрметті қажы" атағының иегері, "Аманкелді арайы" газетінің бас редакторы Хамитбек Қуандықұлы Мұсабаевтың 65 жасқа толу мерейтойына арналған "Тәуелсіздік жыршысы" атты кездесу кеші болып өтті. Кешті Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің оқушысы Ерназ Қабдыхамитов "Хамитбек Мұсабаевқа арнау" өлеңімен ашты.

Кеш қонақтары ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Дауылбай, Аманкелді ауданы бойынша "Нұр Отан" партиясы төрағасының орынбасары Н.Әбдіғали, ұстаз-зейнеткер А.Төлегенов, зейнеткерлер Т.Құтжанова, Ж.Олжағұлова, Б.Нұрғожин, спорт мектебінің директоры Н.Әбдіхалықов ақынға жылы лебіздерін білдірді. Кеште Қ.Әбенов атындағы мәдениет үйінің әншісі О.Махмутов ақынның сөзіне жазылған "Арайлы Аманкелді" әнін орындады. Сонымен қатар, Аманкелді орта мектебінің 7-сынып оқушылары ақынның өлеңдерінен, поэмаларынан үзінді оқыды және оқушылар ақынға бірнеше сұрақтар қойды. Сондай-ақ, журналист туралы "Жаназық" атты бейне көрсетілімді тамашалады. Кітапхананың өлкетану бөлімінің ақынға арнаған "Журналист Хамитбек Мұсабаев", "Сұңғыла жырлар, жампоз жырлар", "Ақын Хамитбек Мұсабаев" атты тақырыптарда деректі материалдардан және ақынның жеткен жетістіктері мен алған марапаттары, кітаптары туралы көрме жасалып таныстырылды.

Кеш соңында Хамитбек Қуандықұлы оқырмандарға, келген қонақтарға алғысын білдіріп кітапханаға өзінің "Наркескен" кітабының бірнеше данасын сыйға тартты. Кітапхана ұжымының атынан ақынға естелік сыйлық тапсырылды.

**Р.АЛМАҒАМБЕТОВА, аудандық орталық кітапхана қызметкері.**

Меншік иесі:

**"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС**

**Директор-Бас редактор Жанұзақ АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17

**Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90**

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.

Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, № 17374-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Костанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.

Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 9172. Тапсырыс 3070. Нөмірдің кезекші редакторы Шұға ҚОҢҚАБАЙ.**